

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Екі рет өмір сүрген қыз



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Жайыр Құдайға табынатын және басқаларды Құдай Сөзіне үйрететін еврейдің діни жетекшісі болды. Бір күні Жайырдың отбасында қорқынышты жайт

болды. Оның жасы бар-жоғы он екіге толған сүйікті қызы ауырып қалды. Оған ешкім көмектесе алмайтындай көрінген.

Бұл – ауыр сырқат еді. Жайыр қызының өліп қалатынын білді.



2

Жайырдың қызына тек бір адам ғана көмек бере алатын. Жайыр Исаны іздеуге аттанып, Оны үйіне алып келді. Ол өзінің діни достары Исаны қолдамайтынын білгені анық. Алайда оған бәрібір еді.



Ол өзінің қызы өлмей тұрып, көмекке жүгіну керек болды.

3

Жайыр Исаны адамдардың қоршауында отырған жерінен тапты. Ол Исаның аяғына жағына тізе бүкті.



4


«Менің кішкентай қызым өлім аузында жатыр,



–деп жалбарынды үміті үзілген еркек. –Келіп, ол сауығып кету үшін Өзіңіздің қолыңызды оның үстіне қойыңызшы, сонда ол өмір сүретін болады».

5

Иса Жайырмен бірге кетті. Бірақ олар адамдардың көптігінен жылдам қозғала алмады. Бір әйел он екі жыл бойы қатты ауырып жүрген еді. Ол барлық дәрігерлерге барған (өзінің барлық ақшасын шашып жіберген), бірақ еш көмек ала алмаған еді. О, ол деген Исаны қалай көргісі келді десеңші!




6

Бұл ханым не істей алар еді? «Шіркін! Егер мен Оның киіміне қолымды тигізе алсам ғой, онда мен сауығып кетер едім», –деп күбірледі ол. Ол Исаға баяу жылжып келе жатты. Мұнан кейін ол қолын созып, Исаның киіміне қолын тигізді.



7

Керемет! ҒАЖАП! Ханым сауығып кетті. Деру! Толықтай! Ол өзінің сау, күшті және аман-есен екенін білді. Бірақ содан кейін дауыс шықты: «Маған кім қолын тигізді!» –деп сұрады Иса. Маңайындағы адамдардың бәрі Оған қол тигізді. Бірақ сауыққан әйел өзінің осы туралы айтып бергенін Оның қалайтынын білді. Жасқана тұрып, ол өзінің барлық оқиғасын айтып берді.



8

Дәл осы уақытта Жайырдың үйінен қызметшілері келе қалды. Олардың жүздері қайғылы оқиғаны олар айтпастан бұрын-ақ әйгілеп тұрса керек.

«Сіздің қызыңыз қайтыс болды!» –деді олар Жайырға. Өлді! Енді бәрі кеш. Бәлкім мына ханым жолды бөгемегенде... Бәлкім егер... Өліп қалды! Жайырдың кішкентай қымбатты қызы жоғалды.



9

Иса мұны естіген кезде, Ол: «Қорықпа, тек сенің болсын, сонда ол сауығып кетеді», –деді. Исаның айтқанына шынымен сену Жайырға соншалықты қиын болған шығар. Оның қызы өліп қалды ғой.



10

Үйде бәрі жылап, қызды жоқтап жатты. «Ол өлген жоқ, ұйықтап жатыр», –деді Иса. Олар Исаға күлді. Олар қыздың өлі екенін білетін.



11

Иса олардың бәрін сыртқа шығарып жіберді де, қыздың қолынан ұстап былай деді:

«Қызым, тұра ғой».

Жайыр сонда болды. Сол жерде оның әйелі болды. Онда Исаның үш шәкірті болды.



12

Өлген қыз Исаның бұйрығын естіді! Оның рухы оралып, ол орнынан дереу тұрды. Иса оны өлімнен тірілтті.



13

Қыздың ата-анасы аң-таң болды. Иса оларға қызға жеуге бір нәрсе берулерін бұйырды. Олар өте бақытты болған шығар, Исаға қатты риза болған да болар. Оның ғажайып сүйіспеншілігі мен күші олардың қыздарын өмірге қайта алып келді.



14

Екі рет өмір сүрген қыз

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Марқа 5, Лұқа 8

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

15



49



60

16

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

17